

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚ

Оқу-ағарту министрінің жаңа 2022-2023 оқу жылын бастау жөніндегі бұйрығы қабылданды.

Жаңа оқу жылы 36 оқу аптасынан тұрады. Оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 31 мамырда аяқталады. Жаз бойы балалар демалады.

Оқу жылындағы демалыс күндері келесідей болады:

-1 - 11 сыныптарда:

күзгі - 7 күн (2022 жылғы 31 қазанынан 6 қарашасына дейін);

қысқы - 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсанынан 2023 жылғы 18 наурыздан 26 наурызына дейін);

- 1 сыныптарда қосымша демалыс - 7 күн (2023 жылғы 6 ақпанынан 12 ақпанына дейін).

«Айгак»-ақпарат.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасына барып, жаңа нысандары — Ядролық медицина орталығы мен емдік-диагностикалық блокпен танысты.

Президентке алдымен қыркүйек айында ашылатын Ядролық медицина орталығының диагностика блогы таныстырылды. Ядролық медицина орталығының іске қосылған кезде диагнозын қою қиын қатерлі ісік ауруларын, сондай-ақ кардиология және

ортақ.

Бұл орталықтың ерекшелігі — қазіргі кезде әлемдік медицина индустриясында қолжетімді позитронды эмиссиялық компьютер томографиясы. Сканерлеу жылдамдығы жоғары бұл аппарат диагноз қою сапасын арттырады. ПЭТ/КТ зерттеуінен өтетін пациенттердің санын жылына 3 мыңнан 7 мыңға дейін арттырады. Мамандардың айтуынша, қазіргі уақытта бұл аппараттың Орталық Азия мен ТМД елдерінде баламасы жоқ.

неврология ауруларын ерте кезеңінде анықтайды. Заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген жаңа орталықтың қызметі — емделуге жолдама берілген әрбір қазақстандыққа



Қасым-Жомарт Тоқаевқа циклотронды-өндірістік кешен мен диагностикалық блоктан тұратын бірегей Ядролық медицина орталығының басқа да мүмкіндіктері туралы баяндалды. Атап айтқанда

циклотронды кешен арқылы 9 радиофармпрепарат өндірісіне жол ашылмақ. Қазақстанда бұл препараттардың сегізі бұрын өндірілмеген.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы жаңа емдеу-диаг-

ностикалық блокты аралап көрді. Бұл жерде күрделі ауруларға шалдыққан науқастарды емдеу мен оңалтудың тәсілдері арқылы 7 терапиялық бөлімше жұмыс істейді.

Президент дәрігерлермен және ғалымдармен пікірлесіп, Ядролық медицина орталығының қызметі бүкіл еліміз үшін айтулы оқиға болатынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев орталық қызметі азаматтардың денсаулығын жақсартуға және қазақстандықтар үшін заманауи медициналық технологиялардың қолжетімділігін арттыруға қызмет ететініне сенетінін жеткізді.

Ақорда.


ТАРАЗДА ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Халқымыздың біртуар перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхаммед Қонаевтың туғанына 110 жыл толып отыр. Көрнекті тұлғаның құрметіне киелі Тараз қаласында ескерткіш орнатылды. Арнамыздың түсірілім тобы көне шаһарға арнайы барып, ұлы қуанышқа куә болып қайтқан еді. Назар аударайық.

Еліміздің мемлекет болып қалыптасуына сүбелі үлес қосқан тұлғалар өте көп. Соның бірі де бірегейі Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев. Нар тұлғаның есімі мемлекет тарихында алтын әріптермен жазылып, Қазақстан атауымен біте қайнасып кеткен. Тараз төрінен Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың еңселі ескерткішінің бой көтеруі — ел деп туған тұлға алдындағы міндет пен борыштың орындалғандығының көрінісі. Салтанатты рәсімге ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаров, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов, қоғам қайраткері, генерал-лейтенант Амангелді Шабдарбаев және Д.Қонаев атындағы халықаралық қордың президенті Елдар Қонаев, тұлғаның көзін көрген ел ағалары мен мемлекет және қоғам қайраткерлері қатысты.

Шын мәнінде халықтық іске айналып, елді жұмылдырған елдік бастаманы қолға алуда өңір тұрғындары аянып қалған жоқ. Қоладан құйылған осы ескерткіштің құрылысына жүздеген жамбылдықтар атсалысып, перзенттік парызын орындады. Бүгінде шаһардың төрінде бой көтерген ескерткіштің биіктігі тұғырымен қоса алғанда 8 метр. Монумент авторлары еліміздің жас мүсіншілері. Өрелі сөзге ден қойып, өнегелі іске жұмылдырылған игі бастамаға алғашқылардың бірі болып Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов өз ризашылығын білдірді.

Мемлекет және қоғам қайраткері Д.Қонаевтың 110 жылдық мерейтойы салтанатты жиын-



мен жалғасын тапты. Өткенді саралап, кеше мен бүгінді ұштастырып, тарихты бағамдайтын ұлы мерейтойдың төрінен халық қалаулылары, еліміздің алыс-жақын өңірлерінен арнайы келген қонақтар мен облыс жұртшылығы табылды. “Жақсы ісімен жасайды”. Кездесу барысында ел тұтқасын ұстаған тұлға жайлы жылы естеліктер айтылып, ізгі істер баяндалды.

Халықтың “Димекен”, “Димаш аға” деген сөздерінен-ақ оған деген ыстық ықыластың, көпшіліктің Дінмұхаммед Қонаевқа арқа сүйегенін аңғаруға болады.

Еңселі ердің саяси қызметі мен өнегелі өмір белестері баяндалған көлемді де берер табылды. Халықтың “Димекен”, “Димаш аға” деген сөздерінен-ақ оған деген ыстық ықыластың, көпшіліктің Дінмұхаммед Қонаевқа арқа сүйегенін аңғаруға болады. Еңселі ердің саяси қызметі мен өнегелі өмір белестері баяндалған көлемді де берер табылды.

Тарихи тұлғаның есімі мен ісі еш уақытта ұмыт болмайды. Адалдықтың өлшеміне айналған Қонаев жайында асыл сөздер мұнымен біткен жоқ. Тау тұлғаның мерейтойына жиналғандардың қатарында Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың ұзақ жылдар бойы жеке дәрігері болған Ахат Мүліков те бар.

Ел қамын жеген ер-басшының мерейтойына Әулиетада салтанатты жиын өтіп, ескерткіш ашылып, арнау да айтылды.

з халқының ықыласына, лайықты құрметке бөленген кемеңгер Қонаевтың мерейтойында орын алған елдік іс- өскелең ұрпақтың парызы!

Сымбат НАУХАН.

МЫРЗАШӨЛДЕ СУДЫ МОЛАЙТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСАДЫ

Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев Жетісай және Мақтаарал ауданына жасаған жұмыс сапарында ағын су мәселесіне тоқталып, осы бағыттағы жұмыстарды саралады.

Өңір басшысы Жетісайдағы Тік дренажды ұңғымаларды пайдалану өндірістік бөлімшесінде болып, шаруалармен кездесті. Бұл бөлімше Жетісай мен Мақтаарал аудандарындағы суармалы егістік алқаптарының ирригациялық-мелиоративтік жағдайын жақсарту, жер асты суының деңгейін бір қалыпты жағдайда ұстау, жердің тұздану мөлшерін азайтумен айналысады.

Өңір басшысы аудандағы елге аса қажетті әрі стратегиялық маңызы бар каналдар мен су нысандарының құрылысын сапалы жүргізу, елдің суранысына сай жаңа жобаларды бюджетке ұсыну жұмыстары бір сөз тоқтамауы тиіс екенін жеткізді.

Жетісай және Мақтаарал аудандары бойынша 731 тік дренажды ұңғыма бар болса, оның 392-сі Жетісай ауданына қарасты. Бүгінгі таңда Жетісай ауданында 170 дана тік дренажды ұңғыма жұмысқа жарамды. Қызылқұм, Ш.Ділдібеков, Мақталы, Ж.Ералиев, Абай, Ынтымақ ауылдық округтерінде мәселе өзекті.

«Қазсушар» РМК Түркістан филиалына қарасты «Тік дренажды ұңғымаларды пайдалану» өндірістік бөлімшесі есебінде Мақтаарал, Жетісай аудандары бойынша тік дренаждардың саны — 360 дана. Соның ішінде: 318 данасы жұмысқа жарамды,

ал 42 данасы қайтадан қалпына келтіруді қажет етеді. 360 дана тік дренажды ұңғыма 72205,6 га суармалы жердің жер асты суларының деңгейін төмендетіп, топырақтың құнарлылығын жақсартады. Мақтаарал ауданы аумағында ПУИД-2 жобасы арқылы 150 дана тік дренаждардың құрылыс жұмыстары жүріп жатыр.

Жетісай ауданы, Асық-ата өңіріндегі жобаланған 210 дана тік дренаж іске қосылған жағдайда 18008,4 га суармалы жердің жағдайы жақсарады. Тік дренаждардың жобалау жұмыстары аяқталып, мемлекеттік сараптамаға тапсырылған. Жоспар бойынша жұмыс 2022 жылдың төртінші тоқсанында басталуы керек. Шаруалармен, су саласы мамандарымен кездесуде К-30 шаруашылық каналының гидротехникалық имараттарымен, автоматтандырылған су есептегіш және су таратқыштарымен қайта құру жобасы да талқыланды. К-30 каналы «Достық» республикааралық магистралды каналынан бастау алып, жалпы Жетісай ауданындағы 4 елді мекендегі 13034 га жерді сумен қамтамасыз етуге негізделген. Қазір жұмыстың 59 пайызы аяқталған.

Ө.Шөкеев ағын су мәселесі мыңдаған тұрғын үшін аса өзекті екенін айта келе, су нысандары уақтылы тапсырылуы тиіс екенін айтты. Қос аудан басшысына тапсырыс берушімен және мердігермен бірге осы бағытта жұмысты ширатуды тапсырды.

Бағлан БАЙҚ БЕКҚЫЗЫ.

ҚҰНДЫ ҚҰЖАТТАР ҚАЗАҚСТАНҒА ӘКЕЛІНДІ

Мәдениет және спорт министрлігінің Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қызметкерлері Түркияда іссапарда болып, Қазақстан тарихына қатысты құнды деректерді елге әкелу бойынша жұмыс жүргізді. Бұл жұмыстар мемлекеттік «Архив-2025» кешенді жоспарын іске асыру мақсатында атқарылып отыр.

Зерттеушілер еліміздің тарихына қатысты жазба мұралар мен құнды құжаттар тапқан. Атап айтқанда Османлы архивінің қорын зерттеу барысында 27 қордан, 248 іс, Сүлеймания мешіті медреселерінде құрылған кітапханада 106 топтамада 70 мың томға таяу жазба, 120 мың томдай баспа ескерткіштер жинақталса, Сүлеймания кітапхана-



сында қазақ жерінен шыққан ортағасырлық авторлардың 19 еңбегі анықталып, көшірмесі алынды.

«Іс-сапар кезінде табылған құнды қолжазбалардың бірі — XIV ғасырда алтын өріптермен жазылған Алтын Орда ханы збек ханға тиесілі Құран. Зейнел Сүрмелінің ұлы Махмуд Сүрмелі Ұлттық орталық қорына көзінің қарашығындай сақтаған

өкесінің түпнұсқа қолжазбаларын, сол замандағы бүкіл әлемдегі қазақ қауымдастығымен алмасқан хаттары мен өзінің 1500 өлең жолын ресми түрде тапсырды», - деді Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының директоры Жандос Болдықов.

Нұр-Сұлтан.



АРХЕОЛОГТАР КҮНІ МЕРЕКЕЛЕНДІ

Түркістанда — Археологтар күніне орай «Фараб» ғылыми-әмбебап кітапханасында мерекелік іс-шара өтті. Жиынға Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов, Облыстық мәдениет басқармасының басшысы Әзімхан Қойлыбаев, елімізге белгілі академик, археолог Бауыржан Байтанаев бастаған зерттеуші ғалымдар, музей басшылары мен археология саласының мамандары қатысты.

Алдымен қонақтар үш республикалық және облыстық, аудандық музейлердің қорындағы археологиялық қазба жұмыстарынан табылған құнды жәдігерлер қойылған көрмені тамашалады. «Дөңгелек үстелмен» жалғасқан шараны Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Аманкелдіұлы ашып беріп, археологтарды кәсіби мерекесімен құттықтады.

— Әрине осы салада шешімін таппай жатқан мәселелер баршылық. Нәзіміздегі ескерткіштерге археологиялық қазба, ғылыми-реставрация және консервация жұмыстарын жүргізіп, абаттандырып, инфрақұрылымын дамытып, ашық аспан астындағы музейге айналдыруымыз қажет. Осы бағытта маман ретінде сіздердің пікірлеріңіз біз үшін өте маңызды. Сол мақсатта бүгін археологтар күніне сіздерді жинап отырған жайымыз бар, — деді Сәкен Қалқаманов.

Содан соң «Археология ғы-

лымы, өткені және болашағы туралы» тақырыбымен археолог, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Бауыржан Байтанаев баяндама жасады. Жиында сөз алған Ә.Марғұлан атындағы археология институтының директоры Ақан Оңғарұлы, «Түркістан облысы аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің жайкүйі туралы» тақырыбымен «Тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі орталық» директоры Құрбан Жандос, «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының археологиялық зерттеу жұмыстары туралы» тақырыбымен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы директорының орынбасары Нұрханов Бақытжан баяндама жасады. «Отырар қалашығында жүргізіліп жатқан археологиялық жұмыстар туралы» тақырыбымен «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейі директорының орынбасары, гуманитарлық ғылымдар магистрі, археолог Ақылбек Серік, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-дың Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры Жетібаев Көпжасар осы саладағы түйткілді мәселелер мен атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Жиын барысында археология саласына еңбегі сіңген мамандар арнайы алғыс хатпен марапатталды.

Түркістан.

САРЫАҒАШТА 500-ГЕ ЖУЫҚ ТҰРҒЫНҒА ЖЕР ТЕЛІМІ БЕРІЛЕ БАСТАДЫ



Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жылга елді мекенінде кезекте тұрған 11 азаматқа жер телімдері табысталды. Алдағы уақытта жер телімдерінің құжаттары дайын болуына қарай 500-ге жуық азаматқа тұрғын үй салу үшін жер берілетін болады. Олардың барлығы да бірнеше жылдан бері жер кезегіне тұрғандар. Себебі аудан көлемінде 2012 жылдан осы күнге дейін ешбір елді мекенде жер телімдері берілмеген. Осыған орай аталған шараға аудан әкімі Мұхит Отаршиев арнайы қатысып, жер иелеріне құқық беруші құжаттарын табыстады.

— Бүгінгі таңда аудан аумағында инфрақұрылымды дамыту кезек күттірмейтін мәселелердің біріне айналып отыр. Себебі тұрғындардың жеке тұрғын үйлерін салу үшін жер телімін бөлу жөніндегі сұраныстары жылдан-жылға өсіп келеді. Сонымен қатар тұрғын үй салу үшін жер телімі бөлінгенімен заң талаптарына сәйкес, инфрақұрылыммен қамтамасыз етілмеген жер телімдері табысталмайды. Сондықтан, осы мәселелерді шешу мақсатында Жылга ауылдық округінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуда бірқатар жұмыстар атқарылып, қазір сол жер телімдерін

табыстағалы отырмыз. Құтты қоныс салынып, осы жер үлкен орталыққа айналсын! — деді аудан басшысы.

Жер телімін алған ауыл тұрғыны Жарқынбек Қанаев халықтың көкейкесті мәселелерінің бірі шешімін тапқанына қуанышты екендігін жеткізді. Көптен бергі арманының орындалғанын айтып, аудан басшысына алғысын білдірді. Сонымен қатар ауыл

қариялары да елге қызмет етіп жүрген азаматтарға ақ батасын беріп, жақсы істер жалғасын таба берсін деген ізгі тілектерін жеткізді.

Жылга елді мекенінде «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы аясында 42 гектар аумақты инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлініп, 16 шақырым электр желілері және 4 дана трансформатор орнатылды. Сондай-ақ ұзындығы 6 шақырымнан аса көшелерге шагал төсеу жұмыстары жүргізілді.

Айта кетсек, бүгінгі таңда ауданда 18000-нан астам азамат жер кезегінде тұр. Тұрғын үй құрылысы үшін жер телімін сұрап жазған өтініштер санын азайту мақсатында Дербісек елді мекеніндегі 70 га жаңа қоныстану аймағын қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп, құрылыс-монтаж жұмыстарына қаржы бөлінуі үшін облыстық бюджетке ұсынылған. Қажетті қаржы бөлінген жағдайда аталған аймақ инфрақұрылыммен қамтамасыз етіліп, жер телімдері кезекте тұрған азаматтарға беріледі.

«Айғақ»-ақпарат.

ҮШ ЖЫЛДА 200 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

ата-аналардың есепшоттарына аударылады. Әр балаға 35 275 теңге белгіленді.

Облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Дініслам Болатханұлының мәлімдеуінше, орта білім беру ұйымдарының білім сапасын арттыру мақсатында толыққанды оқу процесіне қажетті барлық функциялардың жиынтығы бар бірыңғай интеграцияланған «Bilim Land» білім беру онлайн платформасымен «Әлеуетті мемлекеттік жеке-шелік өріптестікті іске асыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы Меморандум» түзілді. Меморандум аясында облыстағы орта білім беру ұйымдары «BilimLand» білім беру платформасына 100% тегін қосылып, барлық білім беру ресурстары енгізілуде.

Пән кабинетін жабдықтауға күш салынды. 57 сынып физика, химия, биология, STEAM 6 білім беру жүйесі енгізіліп, жасақталады. 2022-2023 оқу жылына қажетті оқулықтар сатып алуға облыстық бюджеттен 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген.

ңірдегі 52 техникалық және кәсіптік

орта білім ошақтарындағы 26 мыңға жуық студент білім алады. Колледждер желісін бейіндендіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта «Kasirkor» жобасы аясында құрылыс және IT салалары бойынша 2 (екі) колледжі ашу, колледждердің қаржылық дербестігін қамтамасыз ету мақсатында кезек-кезеңімен мемлекеттік колледждердің ұйымдық-құқықтық нысанын ауыстыру және «Жас маман» жобасын іске асыратын 9 колледж базасында құзыреттілік орталықтары мен WorldSkills халықаралық стандарттарына сәйкес жаттығу лагерьлерін ашу жоспарланып отыр.

Түркістан облысында орналасқан 1400-ден астам мектепке дейінгі ұйымдарының мемлекеттік тапсырыс беруі «Balabagsha.snation.kz» жүйесіне тіркелу арқылы іске асырылуда. 1-6 жастағы 155 мыңнан астам бала балабақшаға барады. 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту көрсеткіші 98,9% құрайды.

Шолушы.

ЖАС ҒАЛЫМДАР

«Білім — өмір шырағы» демекші білім нәрімен сусындап ойын шыңдап білім алған адам өзінің өмір жолында шырақ ретінде жарықтандырып дұрыс бағыттап болады. Ал ғылым-білімнің атасы саналады. Ғылымға адамзат күнделікті жинақталған білім арқылы жетеді. Яғни, таным арқылы ғылымға ұласады.

Бізге керегі — шын дарындар. Нарық қол-аяғымызды қалай қысса да мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті. Жоғары сенімді ақтау үшін дарынды балаларды тәрбиелеуде ұстаздар қауымы білім мен тәрбиені қатар алып, көптеген ізгі істер жасау үстінде. Дарындылықтың табиғаты шексіз. Дарынды және талантты балалармен жұмыс терең ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап етеді.

Выготский еңбектерінде кез келген баланы дамытуға қолайлы орта ұйымдастыру үшін алдымен бастапқы негізді біліп алған жөн деп тұжырымдайды. Яғни, оқушының негізгі мотивациясының деңгейін, оның логикалық ойлау өрісін, жас ерекшелігін, әртүрлі істерді жүргізу қабілеттерінің өрісін бағамдау қажет. Ал оны бағамдау үшін да әрі қарай бағыттап дамытатын да — ұстаз.

Ғылым — шығармашылық. Білім танымнан басталады, таныммен шектелетін болса, ғылым танымнан басталып объектінің ішкі құрылымын ұдайы қарастырып, жаңалық ашады. Бұл мәңгі процесс, ілгеріге ұмтылыс. Инемен құдық қазғып қиналмаған келестік оқушылар жастайынан ғылымға бет бұрып келеді. Ғылымға ден қойып зерттеулер жасап, қоршаған ортаға пайдасын тигізетін жаңалықтар келестік өскелең ұрпақта жеткілікті.

Тәлімгерлерімен бірге қажырлы жұмыстар атқарып, байқаудан, таңданудан басталып, тәжірибе жасауға шығармашылыққа негізделген бірқатар жаңалықтардың жаршысы болып жүрген жас дарындар жайлы жазылған дүниелерді «Балалар жылына» орай замандастарына үлгі ретінде ұсынамыз.

Келес ауданында орналасқан №31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта

мектебінің 8-сынып оқушысы: Налихан Тұрсыннай бірнеше жылдан бері «Дыбыстар әлеміндегі адам» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргізіп келеді. Физика пәнінің мұғалімі Түзелова Лаура Мықтыбекқызының ғылыми жетекшілігімен басталған ғылыми жоба оқушылардың республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінде ең үздік жұмыстардың бірі ретінде таңдалынды.

Жас ғалымның алып отырған тақырыбы қазіргі кезде өте өзекті дейді Лаура Мықтыбекқызы:

- Физика бойынша «Дыбыстар әлеміндегі адам» жеке жобасымен жұмыс жасау барысында оқушымыз дыбыстар мен шулардың пайда болу табиғаты туралы ізденіп, адамның есту ұғымын зерттеді және адамның дыбыстар мен шуды қабылдау ерекшеліктерін анықтады. Физикадағы «Дыбыстар әлеміндегі адам» атты ғылыми-зерттеу жұмысында автор «Дыбыс», «Шу» және «Есту» ұғымдарының егжей-тег-



ДЫБЫСТАРДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ӘСЕРІ

жейлі анықтамасын беріп, адамның есту қабілетіне денсаулығына зиян келтірместен қабылдай алатын дыбыс пен шу деңгейінің нормалары туралы айтады. Жоба аясында оқушы біздің әлемдегі дыбыстар мен шулардың пайда болу көздерінің түрлерін зерттеді. Автор шу қарқындылығы мен оның адамның есту қабілетіне әсерін зерттеу бойынша тәжірибелер де жүргізді. Тәжірибелер аясында 8-сынып оқушысы дыбыс қарқындылығының нормативтік деңгейін алынған деңгеймен байланыстырды, дыбыс қарқындылығы деңгейіне жақындаудың мүмкін жолдарын ұсынды және дыбыстар мен шуды қабылдаудың жасына, темпераментіне, қоршаған орта жағдайларына тәуелділігін анықтады, дейді білікті педагог.

Налихан Тұрсыннай зерттеу жұмысын жазу барысында көптеген көркем әдебиеттерді, газет-журналдарды оқып, ізденгенін байқаймыз. Адам әрқашан дыбыстар мен шу әлемінде өмір

сүрді. Дыбыстарды қабылдау қабілеті сыртқы әлеммен толыққанды қарым-қатынасымыздың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Дыбыстық сезімдер сізге тыңдайтын музыкадан, құстардың өнінен, жапырақтардың дауысынан эстетикалық ләззат алуға ғана емес, сонымен қатар күнделікті қажет көптеген пайдалы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Сондықтан жобаның негізгі мақсаттарының бірі-музыканың адамның эмоционалды жағдайына жағымды және жағымсыз әсерін және адамның мүмкін болатын биологиялық өзгерістерін анықтау. Сондай-ақ мектептегі және өмірдегі нормативтік деңгеймен салыстырғанда дыбыстың қарқындылық деңгейінің мәнін де нақтылау қажет дейді зерттеушілер.

Айта кету керек ұзақ уақыт бойы шудың адам ағзасына әсері арнайы зерттелген жоқ, дегенмен ежелгі уақытта олар оның зияны туралы білетін. Қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдеріндегі ғалымдар шудың адам ағзасына әсерін анықтау үшін әртүрлі зерттеулер жүргізуде.

ЖАЙМА БАЗАРДЫ ЖАЙЛАҒАН СИНТЕТИКАЛЫҚ КИІМДЕРДІҢ ЗИЯНЫ

№54 Т.Рысқұлов атындағы жалпы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Сейілбек Дина «Жайма базарды жайлаған синтетикалық киімдер» тақырыбында бірнеше жылдан бері ғылыми зерттеу жұмысын зерттеп келеді. Әсіресе оңтүстік өңірлерде бұл өзекті мәселе болып табылады. Өйткені мақта оңтүстік өңірлерде көп өседі.

Жас зерттеуші синтетикалық киімнің кемшіліктері көп екендігін айтады:

- Мұндай киімдерде өнді-



рушілер ұшатын улы компоненттер қолдануы мүмкін, олар матада мәңгілікке қалып қояды. Сондықтан

мұндай киімдерді кию аллергиясы бар, демікпесі бар және тері ауруы бар адамдарға ұсынылмауы керек. Бұл тақырыпты таңдауыма отбасымадағы жағдай себеп болды. Биология пәнінің мұғалімі бағыт-бағдар берді. Мақта және жүн өнімдері адамзат баласы үшін аса маңызды өнімдер болып табылатынын ұмытпау керек, дейді жас ғалым.

Дина жоба бойынша ауыл тұрғындары мен жастар арасында сауалнама жүргізген. Сауалнама қатысу-

шыларының басып көпшілігі синтетикалық киімдердің не екенін білмейтіндігі анықталған. Жастардың көбісінің үстінде түрлі дерматиттік бөртпелер де пайда болған. Мұның пайда болуына ең басты себебі синтетикалық киім кию болып табылады.

Зерттеу жұмысын нақтылау үшін Сарыағаш және Келес аудандарындағы емхана дерматологтарымен арнайы сұхбат жүргізілген. Синтетика ауа өткізбейді. Дәрігерлер тек табиғи матадан тігілген киімдерді кию қажеттігін айтқан.

Дина жас кезінен зерек, оқуда озат оқушы. Оның бұл жобасы жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық ғылыми жобалар байқауының аудандық кезеңінде жоғары бағаланды.

ГРЕК ЖАҢҒАҒЫНЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ПАЙДАСЫ

№3 Әлия Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мекемесінің 10-сынып оқушысы Заманбек Фариза бірнеше жылдан бері «Грек жаңғағының адам ағзасына әсері» тақырыбындағы ғылыми зерттеу жүргізіп келеді. Оның басты мақсаты жаңғақ ағашының қыр—сырын таныту, оның жемісін адам өмірі үшін пайдалы жақтарын, емдік қасиеттерін ашу. Жас шәкірт жаңғақ дұрыс тамақтанбау салдарынан семіздік, қант диабеті, жүрек аурулары, қалқанша безі аурулары сияқты көп таралған аурулардың емі болатынын айтады.

- Грек жаңғағының құрамындағы Омега III және VI май қышқылының 10 пайызы бар және иммунитет, есте сақтау қабілетін жақсартатын, онкогөздік ауруларға

және ішек құрт ауруларына ем ретінде тағам болғандықтан грек жаңғағы туралы мағлұматтарды жан-жақты іздендім. Дәрігерлерден кеңес алдым,-дейді Заманбек Фариза.

Оқушының жетекшісі биология пәнінің мұғалімі Гүлзінат Сәлімбаеваның айтуынша, жобаны тереңірек зерттеу болашақтың еншісінде. Алайда қолжетімді жаңғақ сығындысы ретінде өнім

шығарылса, өсіп келе жатқан ұрпақ күнделікті пайдалану нәтижесінде, қатерлі ісікпен, жүректің саулығына, қант диабеті қаупін азайтады, салмақты тастауға және ақыл-ойды дамытуға еді деп сенеді.

- Грек жаңғағы еліміздің оңтүстік өңірінде ғана өсетіндіктен жобаның маңыздылығы арта түспек. Сабақ барысында оқушылар осындай ғылыми тақырыптарды қатты қызыға зерттейді. Сондықтан оларға дұрыс бағыт-бағдар беру әр мұғалімнің басты парызы,-дейді Гүлзінат Сәлімбаева.

Айта кету керек соңғы жылдары грек жаңғағының пайдасы туралы көп айтылады. Алайда ғылыми тұрғыдан жүргізілген зерттеулер аз.



БІРІНШІ СЫНЫПҚА БАРАТЫН БАЛАЛАР САНЫ 3 МЫҢҒА АРТҚАН



Өткен аптада қала әкімі М.Әйтемовтің қатысуымен Шымкент қаласы мәслихатының кезекті жиырмамыншы сессиясы өтті. Күн тәртібіне сәйкес Шымкент қаласында білім берудің сапасын арттыру және жаңа оқу жылына дайындық; жылу маусымына дайындық шаралары; мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының орындалуы; Шымкент қаласында құрылған бесінші ауданға атау беру, сонымен бірге бірқатар мәслихат шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі көтерілді.

Білім басқармасының басшысы Ж.Тажиева биыл 24 жа-

на мектеп пайдалануға берілетінін, нәтижесінде үш ауысымды мектептер саны 9-дан 5-ке төмендейтінін айтты. Сонымен қатар, бұл жылы өткен жылға қарағанда 1-сыныпқа баратын балалар саны 3 мыңға артқан. Бастауыш сынып оқушылары толығымен осы жылы да бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылады.

Ал, Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы қаладағы жылыту маусымына дайындық жұмыстары 20 қыркүйекке дейін толығымен аяқталатынын жеткізді. Бүгінде жылу қазандықтары 80 па-

йызға, сорғы стансалары 82 пайызға, көп қабатты үйлер 74 пайызға дайын.

Жиынның қорытынды сөзінде шаһар басшысы Мұрат Әйтемов жаңадан құрылған бесінші ауданға «Тұран» атауының берілуі тарихи тұрғыдан ерекше шешім екенін атап өтті.

- Құрылған жаңа «Тұран» ауданы қаламыздың оңтүстік-батыс бөлігінің дамуына ықпал етеді деп сенемін. Сонымен бірге, сессияда бағалау аймақтарындағы жер учаскелері базалық ставкаларының түзету коэффициенттері; қоршаған ортаға эмиссия мөлшерлемелері; мүмкіндігі шектеулі балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу мөлшері бекітілді; абаттандыру қағидалары; коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормалары бекітілді; «Шымкент қаласының құрметті азаматы» атағын беру Қағидасына өзгерістер енгізілді. Қабылданған шешімдер қаламыздың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуына оң серпін береді деп сенемін, - деді.



ДОСТЫҚТАҒЫ АҒАЙЫН ГАЗДАН ТАПШЫЛЫҚ КӨРМЕЙДІ

Шымкент қаласы, Қаратау ауданына қарасты Достық шағын ауданының халқы енді газдан тапшылық көрмейді.

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтемов жергілікті халықпен жүздесіп, атқарылған жұмыстарды тексерді. Бұл кездесуге қоғам белсенділері, ауыл билері мен Шымкент қалалық мәслихатының хатшысы Бахадыр Нарымбетов те қатысты.

- 2021 жылдың желтоқсан айында 46,06 шақырымға газ жүйесі тартылған болатын. Көгілдір отынмен қамтуда АГРС-3 нысанының іске қосылуын күттік. Енді міне, көптен күткен жұмыс толық аяқталып, сіздерге газ беріліп жатыр. Құжаттары дайын үйлерге газ қосылды. Енді қалғандарыңыз да күз басталмай құжаттарыңызды әзірлеп үлгеріңіздер, - деді шаһар басшысы.

Жалпы Достық шағын ауданында 2686 үй, нақты 15 750 тұрғын бар. Абонент саны: 2 625. Мердігер мекеме «ГХ Шымкентгаз» ЖШС-гі жобаны 957,838 млн. теңгеге атқарып, жұмысты мерзімінде аяқтады.



18 МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛҒАН МЕРГЕНДЕР

2022 жылдың 28 шілдесінен 8 тамызы аралығында өткен Алматы қаласында (Қазақстан) стэнд атудан Х-Азия чемпионаты өз мәресіне жетті.

Шымкент қаласының құрама командасы 18 медаль жеңіп алды, оның ішінде 7 алтын, 6 күміс және 5 қола медаль. «Трап» жаттығуында спортшылар келесі нәтижелер көрсетті:

Сайыста жеке есепте әйелдер арасындағы САРСЕНКУЛЬ РЫСБЕКОВА қола медалға ие болды.

Жасөспірімдер арасындағы жеке есепте МАКСИМ БЕДАРЕВ күміс медалға ие болды.

Жасөспірімдер арасындағы жеке есепте күміс жүлдені САРМАНОВА НАРГИЗА, қола медалды біздің қазақстандық ПРИЛЕПИНА АНАСТАСИЯ жеңіп алды.

Жасөспірімдер арасындағы командалық есепте спортшылар «трап» жаттығуының чемпионы атанды.

Ересектер арасында «трап\микс» аралас жаттығуында МАРИЯ ДМИТРИЕНКО/ ВИКТОР ХАСЯНОВ күміс медальға ие болды.

Жасөспірімдер арасында «трап\микс» аралас жаттығуында АНАСТАСИЯ ПРИЛЕПИНА \ БОГДАН КОНЧЕНКО алтын медальға қол жеткізді, НИКИТА МОИСЕЕВ \ МАРИЯ МАРТИНКЕВИЧ күміс медаль жеңіп алды.

Әйелдер арасындағы командалық есепте Қазақстан құрамасы қола медалға ие болды, құрамында біздің спортшылар МАРИЯ ДМИТРИЕНКО мен САРСЕНКУЛЬ РЫСБЕКОВА бар.

Жасөспірімдер арасындағы команда-

лық есепте Қазақстан құрамасы алтын медаль иеленді, құрамында МАКСИМ БЕДАРЕВ / ДАНИИЛ ПОЧИВАЛОВ.

3-7 тамыз аралығында «skeet» жаттығуында спортшылар келесі нәтижелер көрсетті:

Әйелдер арасында жеке есепте алтын медальды ЗОЯ КРАВЧЕНКО жеңіп алды.

Жасөспірімдер арасындағы жеке есепте күміс жүлдені НАТАЛЬЯ ПЛАТОНОВА, қола медальды АМАЛИЯ КУДРЯВЦЕВА жеңіп алды.

Әйелдер арасындағы командалық есепте Қазақстан құрамасы алтын медальға ие болды, команда құрамында ДАВИД ПОЧИВАЛОВ.

Жасөспірімдер арасындағы командалық есепте алтын медаль иеленді, құрамында АМАЛИЯ КУДРЯВЦЕВА/ НАТАЛЬЯ ПЛАТОНОВА.

Жасөспірімдер арасындағы командалық есепте спортшылар чемпион атанды, команда құрамында АСАДИ РАХИМ.

Жасөспірімдер арасындағы «skeet\mix» аралас жаттығуында күміс жүлдегерлері атанды, құрамында АСАДИ РАХИМ.

Естеріңізге сала кетейік, жарысқа Әзірбайжан, Катар, Кувейт, Иран, Пәкістан, Қытай, Тайбэй, Сауд Арабиясы Корольдігі, Тайланд, Ливан, Біріккен Араб Әмірліктері, Жапония, Өзбекстан, Қазақстан сияқты азиялық контингенттен өлемнің 300-ден астам мықты спортшылары қатысты.

ҚОС БАЙҚАУ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Өткен аптада екі күнге созылған талантты жастар арасында қос байқау өтті. Шымкент қаласы Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен додаға кіл мықтылар қатысып «Күміс қалам» және «Күміс домбыра» иегері атанды.

Алдымен «Күміс қалам» иесі анықталды. 10 облыстан келген 16 жас ақын Оңтүстіктің кереметін жырларына арқау етті. Табиғаты жас ақындардың тынысын ашатын тамылжыған Төлебиде бастау алған дода осымен екінші рет ұйымдастырылып отыр. Бұл жоба, жастардың ынта-сына арттырып, ақындардың шабытын ашуда зор мүмкіндік береді.

«Күміс қалам - 2022» байқауына үміткер, қатысушылар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қаласынан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе және Ақмола облыстарынан келді.

Ережеге сәйкес, «Күміс қалам» поэзиялық кешке республиканың 14 пен 29 жасқа дейінгі 30 ақын қатысуға ниет білдірді. Үріктеу кезеңінің нәтижесі бойынша 16 ақын жолдама алды.

Жас ақындарға төрелік жасаған ақын, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, қазылар алқасының төрағасы - Қалқан Сарин болса, мүшелері ақын, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері - Ханбиді Есенқарақызы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі - Бақытжан Алдияр,

аудармашы, «Қаратау» дәстүрлі өнер мектебінің ұстазы - Абай Қалшабек, ақын, «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының» мүшесі - Бекмұрат Анарбаев болды.

Поэзиялық кештің жеңімпазы, бас жүлде «КҮМІС ҚАЛАМ» иегеріне арнайы күмістен жасалған қалам мен бағалы сыйлық табысталды, ал ақтық мөре жеңімпазына «Есенғали Раушанов» атындағы арнайы сыйлық берілді. Сонымен қатар, жартылай финалға өткен 4 ақынға «Жәркен Бөдешұлы» атындағы, «Әбілда Аймақ» атындағы, «Әділ Ботпанов» атындағы арнайы сыйлықтар табысталды. Қалған 11 ақынға қаламақы мен бағалы сыйлықтар берілді. Сонымен жарыс қорытындысына сәйкес 2022 жылы «Күміс қалам» иегері Шымкент қаласының намысын қорғап келген Арайлым Мұратәлиеваға бұйырды.

Екінші күні «Күміс Домбыра» ақындар айтысы өтті. Жыр додасында іріктеуден өткен 16 ақын бақ сынасып, өнер сүйер қауымды ыстық ықыласына бөледі. Байқауда айтыс өнерінің саңлақтары төрелік етіп, жеңімпазға күміс домбыраны табыс етті. Қазақтың ұлттық өнері болып табылатын, суырып салма ақындардың айтысы өз көрерменін жоғалтқан емес. Бүгінде Республика бойынша аламан додаға қатысуға өтініш білдірген ақындардың қарасы да көп

болыпты. Ой ұшқырлықтарының арқасында іріктеуден өткен 16 жас ақын. Күміс домбыра байқауында бақ сынасты. Еліміздің әр облысынан келген талантты жастардың додасына қазылық еткен Бекарыс Шойбеков бастаған төре-шілер, айтыскерлердің сөз саптаулары мен терең ойлы жырларына аса мән берді. Халықтың куә болуымен өтетін аламанда бұрмалаушылыққа жол берілмейді - осылай деген әділқазылар алқасының мүшесі «Алтын домбыра» байқауының үш дүркін жеңімпазы Мұхтар Ниязов айтыскерлерге ел болып қолдау білдіру қажеттің алға тартты.

Алатаудың суығы қатал болса да, айтысқа беріліп, тер шығарған жас талант иелері сөз шеберліктерін ортаға салуды тоқтатар емес. Әділ қазылар алқасының да айтысқа көңілдері толып, өз бағаларын беруде. Финал аяқталып жеңімпаздарда белгілі болды. Сонымен, бүгінгі аламанның бас жүлдесі Түркістан облысы Отырар ауданының тумасы Даниял Болысбекқызы бұйырды. Ұшқырлықпен сөз тауып, домбыраны тартқан жеңімпаз Күміс Домбыраның иегері атанды. 1-орын алматылық ару Айым Асылбекқызына бұйырса, 2-орын Сыр елінің ақыны Нұрахмет Мансұровка берілді, Ал үшінші орынды үшінші мегаполис айтыскерлері Нұргали Әнапия мен Жандос Мырзабеков иеленді.



Балалар жылы

Бала атаулы ойынқұмар, қиялшыл, жақсылық пен әдемілікке талпынғыш. Олардың жан дүниесі ақ парактай таза, сөздері адал, тіпті қулықтары мен өкпе - реніштері де қуаныш пен шаттықтан тұрады.

«Балалар жылына» орай есімі жас оқырман-дарға жақсы таныс жазушы, өткен нөмірлерде жарияланған Толымбек Әбдірайымның жинақтарынан бірнеше мөлтек әңгімелерін, қиял қанатына ілестіретін ертегілері мен мысалдарын тағы да ұсынып отырмыз. Шығармалардың тақырыбы әр алуан, оқиғасы қызықты, тілі шұрайлы.



Толымбек
ӘБДІРАЙЫМ

Бақыт деген не?

Ертеде бір байдың жалғыз баласы болыпты.

Еркетотай, тік бақай өскен ұл жалқаудың нақ өзі екен. Әкесінің байлығына масаттанып, не ішем, не кием демейді. Сайранды гұмыр кешеді.

Күндердің күнінде әке-шешесі өледі. Малға қарайтын кісі жоқ. Бұрынғы өдетінен жаңылмай, жатып ішіп, шайқап төгіп, қолдағы бар малды тауысады. Тұрмыс-тіршілігі жұқарады. з бетінше еңбек етейін десе, ебін білмейді. Басы қағады. Содан отырып қиялдайды: «Апырай, енді қалай күн көрем? Не істеймін? Қандай, амал бар?.. Жоқ, бүйтіп іс-әрекетсіз жатпайын. Бақыт іздейін, бақ табайын. Тәуекел!» - деп тастүйін бекінеді де, жолға шығады.

Жүріп келеді, жүріп келеді. Әбден шаршап шөлдейді. Бір жартастың түбіне келіп, тізе бүгіп, дем алып отырады. Жартастың үстінде бір жылан жатыр екен. Баладан жөн сұрайды.

- Ей, жігітім, қайда барасың?
- Бақыт іздеп барамын.
- Бақты іздеп бара жатсаң, менің мына дергіме қандай дауа бар екен? Соны білші.

- Айттыңіз, сұрап көрейін.
- Жиырма жылдан бері осы жартастың үстінде жатырмын. Сал болып қалған күйім бар. Белімнен баса алмаймын. Осынын жәй-жапсарын білші.

Е, жарайды, білейін бұйымтайыңызды, - дейді жігіт.

Алға қарай жүріп кетеді.
Жүріп келеді, жүріп келеді. Алдынан бір ел көрінеді. Ауылға келіп аяқ суытады. Дем алады. Бір үйден сусын сұрап ішеді. Жағдайларын сұрайды.

- Иә, жігітім, жол болсын, не қылған жансың? - дейді үй иесі.
- Бақыт іздеп барамын.
- Бақыт іздеп табатын болсаң, біздің де тілегімізді құлаққағыс қылғайсың.
- Айттыңыз, жеткізейін.

- Біздің еліміз ежелден егін егіп, күн көрген халық. Қатарынан бірнеше жыл болды, өзеніміз тартылып, бұлағымыз суалып, сусыз қалған жайымыз бар. Жерімізді қуаншылық жайлады.

Осынын нендей себебі бар? Қайтсек жағдайымыз түзеледі? Қайтсек жерімізді суландырамыз? Соны сұрашы.
- Жарайды, сұрайын, - дейді жігіт.

Тағы да ілгері жүріп кетеді. Жүріп келеді, жүріп келеді. Алыстан қарауытып үлкен қала көрінеді. Қуанып, аяғын шапшаң басады. Қалаға кіре беріс тұста биік, зәулім қақпа кезігеді.

- Не қылған жансың, қайдан жүрсің? деп, жөн сұрайды күзетшілер.

Жігіт жағдайын айтады.

- Ендеше, жүр, сені ханға апарамыз. Хан не айтар екен? - деп алып келеді. Хан жас адам екен.

- Сен не қылған жансың? - деп сұрайды.

- Бақыт іздеп барамын.
- Сен онда менің сөлемімді жеткіз.
- Жеткізейін, айтыңыз.
- Мынау ел жылдан жылға қиындап барады. Ұры-қары көбейді. Тәртіпсіздік белең алды. Қайтсем осы елді дұрыс басқарамын. Осының мәнісін сұрап білші.

- Білейін, - дейді жігіт.
Тағы да ілгері жүріп кетеді. Жүріп келеді, жүріп келеді. Өлі бақыт көрінбейді. Табылар емес. Үсті-басы кірледі. зі қажып-шаршады. «Қайтып кетсем, еліме жете алмай айдалада өлем ғой» деп ойлады. Не болса да алға қарай ілби берейін деген шешімге келеді.

Өлі жүріп келеді, жүріп келеді.
Тағы да алдан ағараңдап үлкен бір қаланың сұлбасы көрінеді. Аяндап қаланың шетіне ілінеді. Кіре берісте ұстахана бар екен. Су сұрап ішейін деп ішке кіреді. Қалың қабағы көзін жапқан бір адам көрік қыздырып, жұмыс жасап жатыр. Бала сөлем береді. Қарияның қолын алады. Қараса, ақсақалдың оң қолының бас бармағы жоқ. «Бақтың бармағы жоқ деуші еді, - деп ойлайды. Мен іздеген Қыдыр осы болмаса игі еді», - деп, қуанып кетеді. Су сұрап ішіп, демін басады. Үн-түнсіз тіл қатпай біраз отырады. Сөзді неден бастарын блмей дағдарды. Өстіп әрісәрі күй кешіп отырғанында, қария жөн сұрайды.

- Балам, қайдан жүрсің?
- Ата, мен бақыт іздеп шығып едім...
- Е-е... бақыт іздеп шықсаң, келген іздіңмен кері еліңе қайт. Бағың тосып тұр...

- Шын ба, ата?
- Шын, балам.
- Жарайды, қайтсам қайтайын. Бірақ осылай келе жатқанда, бір кісілер бұйымтайларын айтып еді... Сұрауға бола ма?

- Сұра.
- Елден шыққан бетте бірінші кезік-кенім жылан болды. Белінен баса алмай, қаріп болып жатқанына жиырма жыл. «Қайтсем жазылам? Дауасын біле келші», деп еді.

- Ол жылан дүниедегі ең ақымақ адамның миын жесін. Сонда тәуір болады.

- Екінші сауалым. Егіншілікпен айналысқан бір елдің күйі төмендепті. Соңғы бірнеше жыл қатарынан жерді құрғақшылық жайлапты. зен-көлдер суалып, бұлақ көзі бітеліпті. Қайтсек

су шығарамыз деп қайғырып, дағдарып отыр.

- Осы елдің дәл іргесінде бір бұлақ бар. Көзінде тас жатыр. Ол жәй тас емес. Ат басындай алтын. Соны қопарып алса, бұлақтан су шығады.

- Үшінші сауалым. Ел басқарған бір хан: «Кейінгі кезде халықты басқару қиындап кетті. Қандай амал жасаймын? Лажы не? Басым қатты», - деп еді.

- Ол хан ер адам емес. Тұрмысқа шықпаған қыз. Сондықтан ерге шықсын. Бір бас жақсы. Екі бас одан да жақсы. Күйеуімен бірге мәмілеге келіп, ақылдаса отырып ел басқарса, бөрі де дұрыс болады. Қалпына келеді. Жауабым осы.

Жігіт қуанып, қарияға алғысын жаудырып, қоштасып кері қайтады. Тура өзі жүрген ізге түседі. Ханға жетеді.

- Менің тілегімді жеткіздің бе? - дейді хан.

- Иә, жеткіздім.

Жігіт қариядан естіген әңгімесін айтады.

- Айтқаны дұрыс. Олай болса, сен осында қал.

Екеуіміз қосылайық. Сөйтп, ел басқарайық. Мынау жүгенсіз кеткен елді жөнге салайық, - дейді қыз патша.

- Жоқ, мен қалмаймын.

- Неге?

- Кетемін. Еліме барамын. Мені елде бақ күтіп тұр, - дейді жігіт.

- Ендеше, жолың болсын. Маған да біреу кездесер, - деп қыз патша қала береді.

Жігіт жүріп кетеді.

Баяғы қуаншылық жайлаған елге келеді. Ел адамдары алдынан қарсы алады. Бұйымтайларын сұрайды.

- Тілегімізді жеткіздің бе? - дейді.

- Жеткіздім.

- Айт, ендеше.

- Елге жақын жерде бір бұлақ бар екен. Соның көзін ашындар, - дейді жігіт.

Жұрт жиналып барып, өлгі жерді қазса, расында, ат басындай алтын шығады. Көтеріп алғандары сол екен, атқылап, лақылдап су шығады.

- Ал, жігітім, Тәңір бізді жарылқады. Қуанышқа кенелдік. Сенің де еңбегің үлкен. Мына ат басындай алтынды саған бердік, ал, - дейді.

- Алмаймын, - дейді жігіт.

- Неге алмайсың. Біз саған шын риза болғаннан, адал көңілімізбен ұсынып тұрмыз, - дейді жұрт.

- Бұл алтынды ап-ауыр қылып қайтемін. здерің алындар. Мені үйде бақ тосып тұр. Соған жетуім керек, - дейді жігіт.

Бағытын елге қарай түзеп жүріп кетеді. Баяғы жартастың түбіне келеді. Дем алады. Дәу жылан аяғын баса алмай, кирелеңдеп сол орнында жатыр.

- Ау, жігітім бақты таптың ба? - дейді жылан.

- Таптым.

- Менің тілегімді білдің бе?

- Білдім.

- Ойбай-ау, айтсаңшы ендеше?

- Дүниедегі ең ақымақ адамның миын жесе, тәуір болады, - деді.

Титықтап, шаршап келе жатқан жігіт сол жерге қисайып ұйықтап кетеді. Жылан әрі ойланады, бері ойланады: «Апыр-ай, ақымақ адамды қайдан іздеп табамын. зім болсам жүре алмаймын. Жатысымын мынау... Осы жігіттен ақымақ адам болмас. йткені анау қыз патша бұған тақ берді. Мені ал деп жалынды. Бақ деген сол емес пе? Бұл одан бас тартты. Ана ауылға келіп бұ-

лақтың көзін ашып, ат басындай алтын тауып алды. Оны да алмады. Тастап кетті. Байлық деген, бақ деген сол емес пе? Тап осыдан артық ақымақ адам болмас, Және ондай адамды мен іздеп таба алмаймын...»

Сөйтеді де, бір тасты құйрығымен сырғытып, жігіттің дәл басына түсіреді. Жігіттің басы мылжа-мылжа болады.

Сонымен өзіне кездескен бақты басқа тепкен жігіт ақыры жыланнан ажал тапқан екен.

Тарқаған өкпе

Кешқұрым Алданның жөтелі жиілеп, ыстығы көтерілді. Мазасы кетті.

- Салқын тиген ғой. Күн ұзақ өзеннен шықпайды...

Ыстық сүтке сары май қосып беріңдер, терлесін. Ертең-ақ сауығады, - деді көкесі.

- Кеудесінде сырыл бар сияқты. Қыша жағылған қағаз қою керек, - деді мамасы.

- Қойдың майын ерітіп ішкізіңдер, ол да ем, - деді әжесі.

Айтылған ем-домның барлығы жасалды. Бірақ баланың ыстығы қайтар емес. Дөңбекшіп, ұйқысы қашты. Жөтелі одан сайын жиіледі. Тіпті болмаған соң жедел жәрдем шақыртқан. Дәрігер ыстығын өлшеп, кеудесін тыңдады да, «суық тиген» деп ауруханаға алып кетті.

Міне, жеті күн. Қазір тәуір. Жөтелі басылған. Бастапқы екі-үш күн төсекте қозғалмастан жатты да, ыстығы қайтқан соң тұрған. Өзі құралпы ұлдар да бар. Нұртай деген сүйкімді ақ сары баламен керуеті қатар. Әрі екеуі де бір жылғы төл. Ол да үшінші сыныпқа көшіпті. Нұртай кітапты көп оқиды. Зерек. Пысық. Білмейтін ертегісі жоқ. Талайын айтып берді. «Қым-қигаш оқиғалы, ұзақ ертегілерді қалай жадына сақтайды» деп таңқалды балалар.

Алданның мамасы мен әжесі күн құрғатпай келеді. Түнеугүні бірге оқитын сыныптас Серік пен Назгүлді көргенде керемет қуанды. Өздері пәле. Екі сауыт «Жуси» шырыны мен бір пәшкі печеньеелері бар. Сыныптағы, мектептегі жаңалықты айтып, қам көңілін көтеріп тастады.

Алданның есіне Сәруар түсті. Кішкентай күндерінен екеуі бірге өсті. Ауыл шетіндегі жаңа үйлеріне қоныс аударғанша, былтырға дейін бұлармен көрші тұрды. Екі үй арасы қашық болса да, мектепке бірге барады. Ылғи бірге...

Сол досы Алданға әлі келген жоқ. Әлде, ренжіткен кезі болды ма? Ойлап отырса, ондай себептің жөні келмейді. «Жолдастығың өншейінде екен... Сырың белгілі...» деп өкпеледі Сәруарға.

Көп ұзамай Алдан ауруханадан шықты. Көрші балалармен кездесіп әңгімелесті. Сәруарды сұрады. Сөйтсе, ол аттан құлап, мертігіп ауруханаға түсіпті. - «Бәсе, - деп ойлады ол. - Дос екені шын болса, бір рет келер еді...»

- Мама, дәмді етіп тамақ жасаңызшы! Мен бақшадан көкөніс өкелейін! - деді Алдан үйге кірген заматта. Өзі асығыс. Қимылы шалт.

- Әже, өлгінде естідім... Сәруар оқытан аяғын сындырып, ауруханада жатқан көрінеді. Бүгін Сіз екеуіміз барып қайтсақ қайтеді. Көзі жәудіреп көшеге қарап, тосып жатқан шығар достарын...

- Ақылыңнан айналдым! Барсақ, барайық... Адамның достығы, бауырмалдығы осындайда... сынга түседі... Мамаң қазір-ақ кіресің тамақ істеуге.

Алданның Сәруарға деген өкпесі тарқап жүре берді. Досын тезірек көргісі келіп асыға түсті.



ДЕНСАУЛЫҚҚА АРНАЛҒАН CALL-ОРТАЛЫҚ

Түркістан облысында тәулік бойы жұмыс істейтін бірыңғай медициналық-ақпараттық Call-орталық іске қосылды. Call-орталық денсаулық сақтау саласындағы сапаны жақсарту үшін Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы жанынан құрылды. Оған өңірдегі кез-келген тұрғын 1305 қысқа нөмірін теру арқылы хабарласа алады. Ашылу салтанатына Түркістан облысы әкімінің орынбасары Арман Сабитов, Түркістан облысы Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Марат Пашимов қатысты.

Call-орталықтың негізгі міндеті — облыстық медициналық қызметтердің жұмысын үйлестіруді жақсарту, азаматтардың барлық өтініштерін уақтылы бақылау, сондай - ақ ақпараттық-талдау орталығын құру, тұрғындарға сапа-

лы қызмет көрсету. Бұл — «Бір терезе» қандаты бойынша денсаулық сақтау мәселелерінде қала мен облыс тұрғындарына қызмет көрсетуге арналған бірыңғай медициналық Call-орталықтың мамандандырылған бағдарламасы.

Тұрғындар Call-орталыққа қоңырау шалып, белгілі бір медициналық мекеменің немесе нақты маманның жұмысы туралы шағым жасап, денсаулық сақтау саласында кәсіби жауаптар ала алады. Call-орталыққа келіп түскен шағымдар шұғыл түрде қаралып, операторлардың қызмет көрсету сапасын бақылау жөніндегі бас дәрігерлердің орынбасарларымен тікелей байланысы арқылы пысықталатын болады. Орталықта 12 адам жұмыс істейді. Оның ішінде 10 оператор елге қызмет етеді. Олардың бәрі — медицина саласының өкілдері.

Шағымдар негізінде тоқсан сайын облыстың медициналық ұйымдарының рейтингтері жасалады. Бұл бағдарлама халыққа қызмет көрсету саласындағы медициналық мекемелер жұмысының сапасын, жеделдігін және айқындығын арттыруға мүмкіндік береді.

1305 нөміріне Түркістан облысы бойынша ұялы телефондардан (барлық ұялы байланыс операторлары) қоңырау шалу-тегін. Сонымен бірге WhatsApp арқылы 87711031313 нөмірі бойынша хабарлама қалдыра аласыз немесе 1305.kz@mail.ru электрондық почтасына хат жазуға мүмкіндік бар. Бұл орталық медицина мекемелері мен халық арасындағы байланысты жақсартып, қызмет сапасын арттырады деп жоспарланып отыр.

АРЫСТА АЙРЫҚША БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ



Түркістан облысы, Арыс қаласында 50 орынға арналған «Danis» коррекциялық дамыту орталығы салтанатты түрде ашылып, оған қала әкімі Гүлжан Құрманбекова мен қала тұрғындары, мүмкіндігі шектеулі балалар және олардың ата-аналары қатысты. Мұнда тілі мен құлағында мүкісі бар немесе ақыл-ой дамуында ауытқушылық байқалатын балалар мен жалпы дамуы кешеуілдеген, арнайы мамандар көмегін қажет ететін балалардың өсіп, жетілуі үшін барынша жағдай жасалған.

—Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Балалар жылы» деп жариялағаны белгілі. Осыған орай бүгін қаламызда балаларға арналған орталық ашылып отыр. Бұл орталық бүлдіршіндерімізден бөлек, ата-аналарымыз үшін де маңызды өрі өте қажет деп ойлаймын. Қазіргі кезде қала бойынша ауру түріне байланысты мемлекеттік сараптама орталығының қорытындысына сәйкес, 18 жасқа толмаған мүмкіндігі шектеулі 495 бала тіркелген болса, оның 230-ға жуығы өткен жылы қаламызда ашылған «Тең қоғам» әлеуметтік орталығының қызметін пайдаланып келеді. Ерекшелігі бар ұл-қыздарымызды емдеп-сауықтыру арқылы біз оларды өз қатарымызға қосып аламыз деп сенемін, — деген қала әкімі қаладағы тұрмыстық-әлеуметтік мәселелердің оң шешіліп, өмір сүру сапасының артуына әкімдікпен бірлесе отырып, жұмыс жүргізіп жатқан орталықтың

жетекшілері мен мамандарына алғыс білдірді.

Айта кетейік, балалар орталығын ашып отырған жергілікті жеке кәсіпкер Гүлбахрам Ерімбетова Арыс қаласындағы орталық емханада үздіксіз 45 жыл эпидемиолог болып істеп, зейнетке шыққан жан. Оның айтуынша, қазірдің өзінде бұл орталыққа ұлқызын тәрбиелеп дамыту үшін 31 ата-анадан өтініш түскен. Ал ол «Danis» коррекциялық дамыту орталығын ашу ісін өткен жылдан бері қолға алған. Қазір мұнда 4 тәрбиеші мен оның 2 көмекшісі, 1 психолог, 2 дефектолог, медицина маманы мен аспазшы, күзетші сынды жалпы саны 15 адамды Арыс қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы жұмыспен қамтып отыр.

— Орталыққа келетін бала санына қарай, қызметкерлер саны да көбейетін болады, — дейді Гүлбахрам Садықбекқызы.

Жаңа орталықта логопед, дефектолог, психолог, педиатр, емдік дене шынықтыру маманы сияқты арнайы мамандандырылған топ өкілдері қызмет көрсетеді. Бір қызығы мұнда тәрбиеленетін балалардың ойыншықтарына дейін олардың жан-жақты дамуына ыңғайластырылған. Санитарлық талапқа сай салынған ас бөлмесіндегі ас мәзірі мен ауладағы ойын алаңдары, емдік-сауықтыру бағытындағы танымдық, тәрбие сағаттары балалардың физиологиялық тұрғыда өзін-өзі дамытумен қатар, білім алуына да зор мүмкіндіктер береді.

АРЫСТЫҚ АЗАМАТ ҚОШҚАРДЫ 1111 РЕТ КӨТЕРІП, РЕКОРД ЖАСАДЫ

Түркістан облысы, Арыс қаласында қала күні мерекесі қарсаңында қалалық ішкі саясат бөліміне қарасты «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастырумен ұлттық спорт түрлерінен жарыс өтті.

Ұлттық салт-дәстүрлеріміз дәріптеліп, салауатты өмір салты насихатталған шарада қала жастарымен бірге Шымкент қаласы, Қазығұрт және Ордабасы ауданының жастары қатысты.

Қатысушылар ұлттық спорт түрлері — арқан тарту, қол күрес, қошқар көтеру, тір тасын көтеруден бақ сынасты.

Осы аталған спорттық сайыстардың ішінде көпшіліктің назарын аударғаны «Қошқар көтеру» сайысы болды. Қатысушылар арасында өзінің мықтылығын дәлелдеп, салмағы 43 келі болатын қошқарды 1111 рет көтерген Азамат Мақұлбеков бас жүлдені иеленіп, Арыс қаласының жаңа рекордын орнатты. Ал,

қошқарды 160 рет көтерген Мәжит Архат екінші орынды, 150 рет көтерген Данияр Айтбек үшінші орынды иеленді.

Жарыс жеңімпазы Азамат Мақұлбековке өзі көтерген қошқар берілсе, қалған жүлдегерлер мен қатысушыларға ұйымдастырушылардың бағалы сыйлықтары табыс етілді.

Бір қызығы, ерлерден соң қошқар көтеру кезегін алған арыстық Әділ Ақнұр есімді ару тіпті, бірқатар жігіттерді шаң қаптырып, семіздікті көтеретін жалғыз жануарды 64 рет кө-



терді. Келушілерді таңқалдырған жігерлі аруға да арнайы сыйлық табыс етілді.

Сол сияқты барлық спорт түрінен жүлделі орын алған қатысушылар арнайы алғыс хатпен марапатталып, олардың бәріне тұрмыстық техникалар сыйға тартылды.

Бұдан бөлек, Арыс қаласының өркендеп дамуына, жастардың патриоттық рухын көтеріп, саламатты өмір салтын ұстануда еңбек етіп, демеушілік танытып жүрген қаламыздың бірқатар азаматтарына да алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТҚАН ШАРДАРАНЫҢ 2 СПОРТШЫСЫНА ПӘТЕР СЫЙҒА ТАРТЫЛДЫ



Жуырда Түркия елінің Ыстамбул қаласында өткен Шығыс пен Батыс спортшылары арасындағы жекпе-жек сайысында Еліміздің намысын қорғаған Түркістан облысының қырандары — Онғарбаев Қыдырғали мен Сарыбай Ердоулет

елге жеңіспен оралған болатын. Жеңімпаз спортшыларды жерлестері құрметпен қарсы алып, арнайы іс-шара ұйымдастырды.

«Елдің атын ер шығарады, ердің атын ел шығарады» демекші, іс-шара даңқты бапкер, чемпиондардың ұстазы Қарсыбаев Арман спортшыларды жеңістерімен құттықтап, әрқашан ел намысын абыроймен қорғай берулеріне тілектестік білдірді. Сөз соңында Түркістан облысы тір спорты және армстрелинг федерациясы президенті Қарсыбаев Арман өзінің және «Шардара Армспорт» ұжымы атынан Қыдырғали мен Ердоулетке Шардара қаласынан 2 бөлмелі пәтерлердің кілтін табыстады. Қыдырғали мен Ердоулет өз қуаныштарын жасыра алмай, ұлагатты ұстазына және барша «Шардара Армспорт» ұжымына, Шардара жұртшылығына өз алғыстарын білдірді.

ЖЕЛКЕНДІ ҚАЙЫҚ СПОРТШЫЛАРЫ - ЕЛ ЧЕМПИОНДАРЫ!

Қонаев қаласындағы Қапшағай су қоймасында желкенді спортынан жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты аяқталды. Желкенді қайықшылар арасында өткен ел чемпионатында Түркістан облысының намысын облыстық су спорт түрлерінен олимпиада резервін дайындайтын мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірттері қорғады. Олар яхталардың өртүрлі дәрежелері бойынша 6 алтын, 3 күміс және 2 қола медальға қол жеткізді.

Жұптық сында Рагислав Дубовской мен Богдан Рожанский алтыннан алқа тақса, жекелей сында Заңғар Әбдірахман да жеңістің шыңын бағындырды. Ал, қыздар арасындағы жекелей сында Светлана Чурикова алтын алқаны мойнына ілді.

«Кадеттер» сайысында Алишер Чемохов пен Анатолий Чуриков жеңіс тұғырының ең биігінен көрінді. Қорытындыда медальдар жиынтығы бойынша Түркістан облысының спортшылары жалпыкомандалық бірінші орынды иеленді. Екінші орынға Алматы облысының командасы шықса, қола жүлдені Қонаев қаласының желкеншілері місе тұтты.

Открылось наследство

*** Умер Храпунов Александр Федорович. Дата смерти. 27.10.2016г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Рашитовой В.В. г.Шымкент ул Гагарина 54. тел.8-701-340-92-97.

*** Умер Омаров Абай Марсович. Дата смерти. 29.03.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ингенбаевой Р.А. г.Шымкент пр.Кабанбай батыра 14/23. тел.8-701-407-52-26.

*** Умер Смыкин Михаил Алексеевич. Дата смерти. 14.08.2004г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Назарбекову Р.С. Туркестан. обл. с Аксу ул. Астана 15. Г. тел.8-778-566-58-87.

*** Умер Нечаев Александр Геннадьевич. Дата смерти. 03.08.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Назарбекову Р.С. Туркестан. обл. с Аксу ул. Астана 15. Г. тел.8-778-566-58-87.

*** Умер Полатов Абдумалик Абдуганиевич. Дата смерти. 31.03.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Нурмаханову З.Ш. г.Шымкент ул Калдаякова 8 тел.8-701-789-16-01.

*** Умер Новиков Василий Алексеевич. Дата смерти. 03.06.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Осановой Г.Д. г.Шымкент ул Уалиханова 184-61. тел.8-707-499-46-76.

*** Умерла Халметова Уминиса. Дата смерти. 14.03.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Нурмаханову З.Ш. г.Шымкент ул Калдаякова 8.тел.8-776-223-64-50.

*** Умерла Айдарбекова Гулнар Әділбекқызы. Дата смерти. 28.07.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Машаевой Р.Л. г.Шымкент ул Уалиханова 227-41. тел.8-701-732-12-85.

*** Умер Медетбек Асан Шахазиндаулы. Дата смерти. 09.07.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Айтмирзаевой А.А. г.Шым-

кент ул Бейбитшилик 22/36. тел.8-776-408-34-86.

*** Умер Каримов Бақытжан Муратулы. Дата смерти. 12.02.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Нурмаханову З.Ш.г.Шымкент ул Калдаякова 8. тел.8-701-789-16-01.

*** Умер Ищенко Валерий Васильевич. Дата смерти. 24.12.2010г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Айтмирзаевой А.А. г. Шымкент ул.Бейбитшилик 22/36. тел.8-776-306-00-73.

*** Умер Бесжанов Еркебулан Уалиевич. Дата смерти. 11.02.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мешитбаевой З.Д. г.Шымкент ул Мадели кожа 1 Г. ЦОН. тел.8-771-383-43-47.

*** Умерла Ломаева Адалат Мажитовна. Дата смерти. 13.02.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Конбаевой В.Н. Туркестан. обл. с. Аксу ул. Жибек жолы 164. тел.8-702-786-05-82.

*** Умер Захлебный Аркадий Николаевич. Дата смерти. 01.08.2021г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Имановой Г.А. г.Шымкент 3 мкр. дом 3В. тел.8-701-729-25-41.

*** Умер Эйбов Али Мушаевич. Дата смерти. 28.06.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул Тулеметова 35. тел.8-707-848-38-58.

*** Умерла Бицис Валентина Федоровна. Дата смерти. 15.02.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жандарбековой Н.Ж. г.Шымкент ул Дулати 205/3 тел.8-705-410-09-24.

*** Умерла Бобей Алтынай Қорғалаққызы. Дата смерти. 24.02.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Измаханова Г.К. Туркестан. обл. с. Темирлан. ул. Рыскулова 5/1 тел.8-771-600-32-00.

*** Умер Валиев Нигметжан Самиевич. Дата смерти. 29.04.2020г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Дуйсембековой Ф.А. г.Шымкент ул. Елшибек батыра 88 тел.8-702-146-22-74.

*** Умерла Сыдыкбаева Анипа Дата смерти. 25.06.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Пернебаеву Б.Т. Туркестан обл. г. Ленгер ул. Төлеби 223. тел.8-775-897-28-65.

*** Умер Лобанов Валерий Викторович. Дата смерти. 24.02.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мусаевой А. г. Шымкент мкр. 17. дом. 13 А. тел.8-701-503-65-17.

*** Умерла Айтбаева Дилдаш. Дата смерти. 30.03.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Битемирову А. Туркестан. обл. г. Ленгер ул. Төлеби 228. тел.8-775-255-22-25.

*** Умерла Штанько Раиса Григорьевна. Дата смерти. 04.05.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бабаевой Л.К. г.Шымкент ул Желтоқсан 20. Б. 111. тел.8-701-721-43-83.

*** Умер Шинасилов Елубек. Дата смерти. 11.02.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мамыталиеву Б.Д. Туркестан. обл. с. Рыскулова ул. Жантурова 21/1 тел.8-701-711-10-11.

*** Умер Тургумбаев Ерман Елибекович. Дата смерти. 03.08.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Жумабековой Э.Б. г.Шымкент ул. Тулеметова 35. тел.8-707-848-38-58.

*** Умерла Коротченко Нина Григорьевна. Дата смерти. 03.03.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сулеймен С.У. г.Шымкент мкр. Отырар 59-26. тел.8-778-402-83-83.

*** Умер Мухимов Талхат Сабиржанович. Дата смерти. 23.02.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Нурмаханову З.Ш. г.Шымкент ул Калдаякова 8-7 тел.8-776-223-64.

*** Умер Тиллабеков Суннатилла. Дата смерти. 24.04.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикиной Ж.С. г.Шымкент ул Мадели кожа 1.Г.ЦОН. тел.8-705-682-20-75.

*** Умер Ахмедов Дмитрий Владимирович. Дата смерти. 08.02.2022г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ережеповой Л.А. г.Шымкент пр. Республики 35. тел.8-701-262-41-21.

Пайдалы кеңес

АСТЫ ЖӨНСІЗ ІШІП, ЖЕЙ БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Тамақ адамзат үшін алғыс та, қарғыс та болуы мүмкін. Артық жеген тамақ адам ағзасына көптеген зиян келтіреді. Бір күні ас қорыту жүйесінің артық жұмыс істеуден бас тартатын күні туады. Бұның салдары өте қатерлі болуы мүмкін. Ас қорыту жүйесінің ауруы — қазіргі заман адамының қасіреті. Ішектің бекітілуі осы аурулардың тізімін бастайды. Адам ішегінің ішінде жиналған улы қалдықтарды тазалауға тырысып, тонналаған ұнтақ дәрілер т.б. сатып алуға рқниетті осы заманның адамы, қарнын қабақтай қылып толтырып алғандықтан, ас қорытпмайды және уақтылы сыртқа шығарылмайды. Бұл ескі автокөліктің жылдамдығын арттырам деумен тең. Ішектің бітелуі көптеген аурулардың басты себепкері екені дау тудырмасы анық. Осыған бір дәлел, кішкене тәжірибе жасап көріңіз. Түскі тамаққа жейтініңізді түгел дайындаңыз, бірақ жеменіз, ыдысқа салып 38 градус жылылықтағы суга салып қойыңыз (ішектің ішіндегі жылулыққа сөйкес). Жылудың тұрақты болуын қадағалаңыз. Енді 8 сағат өткеннен кейін не болатынын байқаңыз. Бірінші байқайтыныңыз ауыр, жаман иіс. Сонан кейін тамақ ашып, газ бөле бастайды. Газ қысымы адамға талай келеңсіздік әкеледі. Диафрагма-

ның, жүректің қысылуын т.б. жайсыздықтарды жасайды. Ағзада осы божып жатқан быламықтан улар үзбей бөлініп, басты және басқа мүшелерді ауыртады. Жәй бактерологияның анықтанғанындай, бактерияның көбеюіне тік ішекте қорытылмай қалған тамақтан ауру пайда болады жоқ. Сөйтіп, біз өз ағзамызда, өзімізге қасірет өкелетін, сан жетпес жауды өсіріп өрбітіп отырмыз.

Егер суық тиіп жиі ауырсаңыз, осы аурудың қоздырғыштарын өсіретін, тіршілік ететін ортасына айланған — ішектің бітелуі. Зиянды тамақтарды көп жегенде пайда болатын улардан денеңіздегі ең маңызды мүше — бауыр зардап шегеді. Бауырдың ағза үшін маңыздылығын, әркім білуге тиіс. Бауыр-көптеген қызметтер атқаратын химиялық лаборатория. Ол ағзаның негізгі тазалағышы. Бауыр мен ішек, ас қорғудағы «өріп-тестер». Егер өріп-тестің біреуі пәлеге ұшыраса, екіншісі көмекке келеді. Осы жиі қайталанса, ағза талқандайды. Бауыр мен ішек жолдарының қызметі бұзылса, адам ауыр халге ұшырайды. Міне неліктен, ішек бітелгенде бауыр ауырып, басқа мүшелердің де сау болмайтыны сондықтан.

Пайдалы кеңестер
галамтордан алынды

Жарамсыз деп танылсын

*** Утерян служебное удостоверение МВД РК на имя Рысбаева Максата Амангельдиевича.

*** Сейтханова Маржан Абдрахимовна атына 11.05-20.05.2022ж.аралығында 80 сағат есебімен ҚР FM “рлеу” Біліктілікті арттыру орталығында “Математика мұғалімінің кәсіби құзіреттілігін дамыту” тақырыбында берілген Сертификатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Утерян договор купли-продажи на имя Сарыбаева Сапаркул № 1713 от 04.06.2015 г. Дата регистрации: 09.06.2015 г. По адресу; г.Шымкент, р-н Абайский, ул. Фазыл Уркумбаев, г-ж 719.

Ликвидация

*** ТОО “Ломбард ТТМ” объявляет о своей ликвидации (БИН 160640020255) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр. Сауле дом.3 почтовый индекс 160000.

*** ТОО “Поликлиника городская № 17” объявляет о своей ликвидации (БИН 210740030228) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент пр. Момышулы 5.А.

*** ТОО “Qool planings” объявляет о своей ликвидации (БИН 210540035013) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан г.Шымкент мкр Сауле дом.3 почтовый индекс 160000.

*** ТОО “БС Даму” объявляет о своей ликвидации (БИН 201140032491) Все претензии принимаются в течение 2 месяца со дня опубликования. Казахстан Туркестан. обл. Төлебійский р-н с. Аккум ул.Капал батыра 93. почтовый индекс 160000.

«Айғақ» республикалық газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы белгілі мемлекет қайраткері, саясаткер **Балташ ТҰРСЫМБАЕВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасы мен туган-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарыда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ
НАУШАБАЕВА -
Бас редактор

Сейсенбай АХМЕТ -
журналист

РЕДАКЦИЯНЫ-МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Ақнұр ӘМЗЕЕВА - Жарнама

Қайрош АЙПЕШОВ - Тарату бөлімі

Мақаланың жариялануы үшін төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,

Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,

Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25

Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 747 088 05 97

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Төменгі, Шымкент.

Жазылу индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ф.Ляев көшесі, 29.

Тел: 8 (7252) 21-34-30

Таралымы: № 68

Таралымы: 6070

Нөмірдің кезекші редакторы - Акерке ҚҰДАЙБЕРГЕНҚЫЗЫ

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданады. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«DDS invest» ЖШС Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, ндірістік аумақ, 116/2 гимарат «DDS invest» ЖШС түсті металдарды балқыту цехының шығарындылары нормативтерінің жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізуде.

Қоғамдық тыңдаулар ашық мәжіліс түрінде 2022 жылғы 23 қыркүйекте сағат 10.00-де Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, ндірістік аумақ, 116/2 гимарат мекенжайы бойынша өтеді.

Іс-шараны бастаушының байланыс деректері: тел.+7 701 250-09-01 dds-invest@bk.ru, мекенжайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, ндірістік аумақ, 116/2 гимарат.

Жобаны жасаушы ЖК «Мурзина», мекенжайы: Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 20Б, 314 каб., Байланыс телефоны. +7 701 726 70 56. электрондық пошта murzina.60@mail.ru

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен танысып, өз пікірлері мен ұсыныстарын esportal.kz ресми сайтында электронды түрде жібере алады немесе «Шымкент қаласының қалалық жайлы органы дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі. ММ жазбаша түрде өтініш бере алады. мекенжайы: Шымкент қаласы, Түркістан көшесі, 11А, тел. 8(7252) 53-65-49, электрондық пошта: prirodab@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «DDS invest» проводит общественные слушания на Проект нормативов эмиссий для «Цеха по плавке цветных металлов ТОО «DDS invest», г.Шымкент, Енбекшинский район, ул.Капал батыра, территория Ондиристик, здание 116/2».

Общественные слушания состоятся в виде открытого собрания 23.09.2022 г. в 10:00 часов по адресу: г.Шымкент, Енбекшинский район, ул.Капал батыра, территория Ондиристик, здание 116/2».

Контактные данные инициатора деятельности: тел.+7 701 250-09-01 dds-invest@bk.ru, адрес: г.Шымкент, Енбекшинский район, ул.Капал батыра, территория Ондиристик, здание 116/2».

Разработчик проекта ИП «Мурзина», адрес: г.Шымкент, ул.Желтоқсан, 20Б, оф.314, конт.тел. +77017267056. эл.почта: murzina.60@mail.ru

Документация по проекту размещена на ЕЭП esportal.kz на сайте ГУ «Управление развития комфортной городской среды города Шымкент», раздел «Общественные слушания». Заинтересованная общественность может направлять свои замечания и предложения в эл. форме на почту e.musabai@shymkent.gov.kz, в бумажной форме по адресу: г.Шымкент, ул. Туркестанская, 11А, т.8(7252) 53-65-49

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Oil Trade KZ» ЖШС «Экспортқа пайдаланылған майларды жинау, уақытша сақтау және тасымалдау» жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Тапсырыс берушінің өкілі Жақыпбеков К. Байланыс телефоны: 87718288866

Жобаны өзірлеуші «AG agency» ЖШС. Байланыс телефоны: 87775023058

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталының сайтында танысуга болады (<https://esportal.kz>)

Барлық ескертулер және ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталының сайтында 23 - 27.08.2022 мерзімінде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Oil Trade KZ» сообщает о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по проекту «Сбор, временное хранение и транспортировка отработанных масел на экспорт». Представитель ТОО «Oil Trade KZ» Жакипбеков К, контактный телефон 87718288866

Разработчик проекта ТОО «AG agency», контактный телефон - 87775023058

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://esportal.kz>)

Все замечания и/или предложения принимаются в срок в течении с 23 по 27.08.2022 года на Едином экологическом портале

ЗЫГЫРДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ

Зығыр - биіктігі 1 метрден асатын, бір жылдық шөптектес өсімдік. Ақ түсті, жіңішке, ұзын, желілі тамыры бар. Сабағы жұмыр, жоғарғы жағында жайыла тік өседі. Жапырақтары көп, отырмалы, кезектесіп орналасқан, қандауыр тәрізді. Гүлдері ірі, көкшіл түсті, гүл сабақтары ұзын, өсімдіктің жоғарғы жағында шоғырланып тұрады.



Гүл тостағаншасының қалақшалары да, гүл жапырақшалары да бес-бестен. Олар гүл тостағаншасынан ұзындау болып келеді. Жемісі - 5 жерден ашылатын қауашақ. Ішінде ашық қоңыр түсті, сырты жылтыр, екі жағынан қысып жалпайтқан жұмыртқа тәрізді тұқымдары болады. Шілде айының аяқ жағынан тамыз айына дейін гүлдейді. Тамызда аяғында жеміс береді.

Зығыр - мәдени өсімдік. Алайда кей жерлерде жолдардың жиегінде, егістіктердің арасында жабайыланып кеткен түрлері де кездеседі. Дәрілік мақсат үшін зығырдың тұқымын пайдаланады. Құрамында майлар, белоктар, қой-

малжың, минералдық заттар, органикалық қышқылдар, ферменттер, линамарин деген глюкозид бар. Линамариннің ішектің жұмысын реттеп отыратын, қоймалжың заттардың қабынуга қарсы әсер ететін және іс жүргізетін қасиеттері бар. Осыған байланысты зығыр тұқымынан жасалған дәрілер өкпе, жоғарғы тыныс жолдары және бүйрек, қуық қабынғанда емге қолданылады. Халық медицинасында осы айтылғандарға қосымша қуыққа тас байланғанда, ауыз уылғанда, жұтқыншақ бездері қабынғанда оларды шаю үшін қолданылады. Профессор Н.Г.Ковалева зығыр тұқымын асқазанда, ұлтабарда жара пайда болғанда, тоқ ішек қабынғанда емдеу үшін пайдаланады. Ал зығыр майын күйікті, іріңді жараларды емдеуге қолданады.

ДӘРІНІ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІ. 2 шай қасық зығыр тұқымын 1 стакан қайнап тұрған суга салады және оны 20 минут араластырып, сүзіп алады да, 1 ас қасықтан күніне 3 рет ішеді. Қант ауруын халық арасында былай емдейді: зығыр тұқымын, бұршақтың қабығын, қара жидектің жапырағын, арпаның сабанын бірдей етіп араластырады. Осы қоспаның 3 ас қасығын 3 стакан салқын суга салады да 10 минут қайнатып, стаканның 1/4-інде мөлшерде күніне 3 рет ішеді. Осы қоспадан жасалған тұнбаны қуық қабынғанда да пайдалануға болады. Күйікті емдеу үшін көбінесе зығыр майы мен өк суын теңдей етіп алып араластырады да, оны-

мен жараны таңып тастайды.

ДӘРІЛІК ЖӨТЕЛ ШАЙДЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ

Дәрілік жөтел шай - көп жылдық, шөп тектес өсімдік. Көктемде тамырынан сағақтары ұзын бір топ жапырақ және саны бірдей үшке дейін жететін сабақ өсіп шығады. Төрт қырлы, түзу, түк басқан сабақтарының ұзындығы 90 см-ге дейін барады. Жапырақтары сопақша келген, жұмыртқаға ұқсайды, шеттері ара тісті, сырттарында қысқа түктері бар. Гүлдері қоңыр қызыл түсті, олар жоғарғы жапырақтардың қуыстарында масақ тәрізденіп шоқтала орналасады. Гүл жапырақтары бесеу, ерін тәрізді, жоғарғы «ерні» екі бөліктен, төменгісі үш бөліктен тұрады. Маусым айынан қыркүйек айына дейін гүлдейді. Жөтел шайдың күшті иісі бар.

Бұл өсімдік орманды жерлерде, шабындықтарда, төбелерде, орман ішіндегі жолдардың жиектерінде өседі. Дәрілік мақсат үшін өсімдіктің жер бетіндегі бөлігін гүлдеген кезінде жинайды. Құрамында илік заттар, стахидрин, бетаноцин, холин және басқа да алкалоидтер бар.

Дәрілік жөтел шай халық медицинасында жоғарғы тыныс жолдары қабынғанда, құян, бауыр, асқазан ауруларына қарсы қолданылады. Бұл өсімдіктен жасалған дәрілер қан қысымын төмендетеді, жүйкені тыныштандырады, денедегі зат алмасу процесін жақсартады. Бүйрек ауруларын және атеросклерозды емдеу үшін қолданылады. Бұдан басқа өсімдіктің қақырық түсіретін қасиеті де бар. Кейбір елдерде ревматизмді, қояншықты, бронх демікпесін, бас ауруларын емдейді. Өкпеден қан кеткенде де ем үшін қолданылады. Мұндай жағдайда дәріні былай жасайды: өсімдіктің 2 қасығын қайнап тұрған 2 стакан суга салып тұндырады, содан соң тұнбаны сүзіп алып, күшті портвейннің екі қасығына араластырады. Даяр болған дәріні ас қасықпен күніне екі рет ішеді. Басқа жағдайларда 5 грамм өсімдікті 1 стакан қайнаған ыстық суга салып тұндырады да, 1/3 стқаннан күніне 3 рет ішеді. Көп жерлерде өсімдіктің жапырағын шай орнына ішеді.

Ә.ІСКЕНДРОВ,

«Қазақстанның дәрілік өсімдіктері».

Пайдалы кеңес

АДАМ ӨЗІНІҢ УЛАНҒАНЫН БІЛУІНЕ БОЛАДЫ

Табиғат ағзада мол мөлшерде улы заттардың барын, ашыққан кезде тілдің бетін ақтаңдақ қоймалжыңмен жауып көрсетеді. мірлік маңызы бар бүйрек, бауыр бездерінің құрылысы сорғышты еске түсіреді. Тесіктері толып тұрған сорғышты көз алдыңызға елестетіңізші. Мен өз өмірімде ашығудың талай жайын бақыладым. Қазіргі қалыпты тамақты жеп, адамдардың қаншама улы заттарды ағзасына шоғырландырып жатқанын білемін. Адамға суық тиді делік. Ол тоқталып ойлануы керек, неге танауы мен тамағы арқылы көп маңқа мен сұйық бөлініп жатыр. Ал адамның ағзасы өкпедегі, бүйректен, өттегі жиналған улардан тазалануға мәжбүр, өзіндік қиыншылықтан осылай құтылуда.

Егер өзіңіз жайлы кеңірек білгіңіз келсе, мұқият тіліңізді тексеруден бастаңыз. Тіл — дененің әр мүшесінің ауру не сау екенін көрсететін мүше. «Сиқырлы айна» сізді гажап денсаулыққа жетелейтін жұлдызыңыз. Негүрлым дұрыс ашығып, дұрыс тамақтансаңыз соғұрлым тіліңіз тазара береді. Таза тіл — сіздің аурмайтын, шаршамайтын, қартаймайтын өмірге бет бұрғандығыңыздың белгісі.

Бет күтімі

1. Таңертең жолжелкеннің қайнатпасынан жасалған мұзбен бетіңізді сүргіп отырыңыз. Бұл теріні сергітеді және кішкентай жараларды тез жазады.

2. Пилингті сәл ылғалданған, таза бетке жасаңыз және тоникпен емес, жылы сумен кетіріңіз.

3. Кез келген кремді бетті жуганнан кейін ең аз дегенде 15 минуттан кейін жаққан дұрыс. Өйткені ылғал теріге жағылған крем жылу бөлуді тоқтатып, жылудың реттелуін бұзады.

4. 25-тен асқан әйел-



дерге кеңес, күніне бетке жаттығу жасап тұрған абзал: 5 минуттай саусақтарыңыздың ұшымен бетіңізді ұрғылаңыз. Бұл қан айналымын жақсартады, терінің тонусын қатайтады, әжімдердің

пайда болуының алдын алады.

5. Күз-қыс мезгілінде өте пайдалы масқалар: бал және зәйтүн майы. Оларды араластырып та, бөлек те жақсаңыз болады. 10-15 минуттай ұстап, сабынсыз сумен жуып тастаңыз, май кетпесе мақтамен сүргіңіз.

6. Маска жағар алдында бетіңізді 10 минуттай ыстық ваннада булап алсаңыз маска жақсы әсер етеді. Егер бет теріңізде

майда тамырлар кеңейген болса, бу ваннасын жылы компрессен алмастырыңыз: қалың салфетканы ыстық суда сулап, сығып, бетіңізге басыңыз. 7. Майлы сезімтал теріні жалбыз, түймедақ, сүйелшөп, итошаған тұнбаларымен сүрткен жақсы. 8. Майланып, жылтылдаған теріні құрамында спиртті бар құралдармен сүргіп, күресе алмайсыз. Бұл терінің жоғарғы жағын құрғатады, бірақ май бөлуді тоқтатпайды.

Сұлулыққа-СЕГІЗ КЕҢЕС